

**«Еркіншілік ауылының ЖОББМ» КММ**

директоры Исатаева Б.Г – ға

директордың тәрбие ісі жөніндегі Салкынбаева А.А – дан

**«Еркіншілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің тәрбие жұмысының I тоқсан бойынша есебі.**

**2024-2025 о.ж**

«Еркіншілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-і қазіргі таңда «БІРТҮТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ» аясында жұмыс атқарып жатыр.

**«БІРТҮТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ»**

**БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ:**

- Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

**БАҒДАРЛАМАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:**

- **Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:**

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;

адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;

табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиел

- **Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:**

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;

отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;

өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын

болуға баулу;

әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

- **Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:**

басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;

өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;

еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;

біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

- **Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:**

әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;

білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру.

• **Бағдарлама мазмұны:**

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі

жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары

мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

**Қыркүйек** – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

**Қазан айы** – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

**Қараша айы** – әділдік және жауапкершілік айы;

**Желтоқсан** – бірлік және ынтымақ айы;

**Қаңтар** – заң және тәртіп айы;

**Ақпан** – жасампаздық және жаңашылдық айы;

**Наурыз** – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

**Сәуір** – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

**Мамыр** – бірлік және ынтымақ айы.

• **Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:**

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым

түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

✓ **Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық**

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

**Бастауыш мектеп түлегі:**

мемлекеттік тілді білу және құрметтеу;

мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету және өз еліне сүйіспеншілік таныту;

дәстүрлерді сақтау және құрметтеу;

отбасының құндылығын түсіну;

тарихи және мәдени мұраны зерттеуге қызығушылық таныту;

қоршаған ортаға қамқорлық жасау.

✓ **Құндылық: бірлік және ынтымақ**

Құзыреттілік: тиімді коммуникация

**Бастауыш мектеп түлегі:**

командада жұмыс істеу, бір-бірін тыңдау және ортақ мақсатқа жетуде бірлесіп әрекет ету;

өз ісіне мұқият болу және басқаларға көмек көрсету;

басқаларға құрмет көрсету және олардың ерекшелігіне төзімді болу;

бірлескен жетістіктерге ұмтылу және ұжымдық күш жігерді ынталандыру;

тапсырмаларды орындауда және мәселелерді шешуде бір-біріне көмектесу.

✓ **Құндылық: әділдік және жауапкершілік**

Құзыреттілік: қоғамға қызмет

**Бастауыш мектеп түлегі:**

шындықты айту;

достыққа адал болу;

жақсылық пен жамандықты, әділдік және әділетсіздікті ажырата білу;

өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарау;

заттар мен мүлікті ұқыпты ұстау.

✓ **Құндылық: заң және тәртіп**

Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

**Бастауыш мектеп түлегі:**

өз құқықтары мен міндеттерін білу, әдеп нормаларын ұстану, сыныптағы және мектептегі мінез-құлық

ережелерін сақтау;

қауіпсіздік ережелерін, оның ішінде жол қозғалысы ережелерін білу және сақтау;

педагогтерге немесе ата-аналарға проблеманың алдын алу және шешу үшін шаралар қабылдауда көрген

немесе білетін қауіптер туралы хабарлау;

кемсітушілік пен қудалаудың кез-келген түрінен аулақ бола отырып, педагогтердің, сыныптастарының

құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу.

✓ **Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік**

Құзыреттілік: инновациялық ойлау

**Бастауыш мектеп түлегі:**

мамандықтың ерекшеліктерін білу және адамдардың еңбегін құрметтеу;

өз-өзіне қызмет ету және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қолдану;

отбасында және оқуда қажетті жұмыстарды жүйелі түрде тәртіпті және сапалы орындау;

нәтижеге жету мақсатын белгілеу және оны іске асыруды жоспарлау, ұйымдастыру және оған қол

жеткізуге ұмтылу;

өз білімі мен дағдыларын дамыту үшін тыңғылықты жұмыс істеу.

✓ **Құндылық: жасампаздық және жаңашылдық**

Құзыреттілік: шығармашылық

**Бастауыш мектеп түлегі:**

қоршаған әлемді зерттеу, сұрақтар қою, эксперименттер жүргізу және алынған мәліметтер негізінде

қорытынды жасай алу;

жаңа идеяларды қалыптастыру, мәселелердің стандартты емес шешімдерін көру және оларды іс жүзінде

қолдана алу;

инновациялық идеяларды жүзеге асыруға ықпал ететін компьютермен жұмыс істеу негіздерін және басқа

да технологиялық дағдыларды меңгеру;

жаңа тәсілдер мен технологияларды қолдануды талап ететін балалар жобаларына қатысуға дайын болу;

өз әрекеттерінің қоршаған әлем үшін маңыздылығы мен салдарын түсіну.

**Әр айдың іс-шаралары :**

күнделікті

• «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

• «Апта дәйексөздері» – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.

• «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу.

• «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

• «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

• «Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу.

• «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау апта сайын.

Жоғарыдағы мәліметтерді ескере отырып мектебімізде екі көлемінде көптеген іс шаралар жүргізілді. Атап айтар болсақ: Қыркүйек айының басталысымен білім күніне арналған іс –шаралар ұйымдастырылды. «Менің Отаным Қазақстан» атты 5-11 сыныптар арасында сынып сағаттары өткізілді.

[https://www.instagram.com/reel/C\\_arzoxIv1A/?igsh=MW13cHJ0ZWt6enE2OQ==](https://www.instagram.com/reel/C_arzoxIv1A/?igsh=MW13cHJ0ZWt6enE2OQ==)

[https://www.instagram.com/reel/C\\_arzoxIv1A/?igsh=MW13cHJ0ZWt6enE2OQ==](https://www.instagram.com/reel/C_arzoxIv1A/?igsh=MW13cHJ0ZWt6enE2OQ==)

«Жол тәртібі ережесі» тақырыбында 3 сыныптар арасында саптық жиын өтті.

«Отбасы күніне» орай «Отбасы махаббат пен адалдық белгісі» тақырыбында 2 «Б» сынып оқушыларымен сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға «Отбасы туралы» түсінік беру, олардың үлкенді сыйлау кішіге қамқор болу, жауапкершілік сезімдерін дамыту, әдептілікке, сыпайылыққа, мейірімділікке, үлкенге көмек көрсетуге тәрбиелеу.

Біртұтас тәрбие жоспары негізінде ар-ұят құндылығын дәріптей отырып, мектеп фракциясының қыздары "Бұрымды қыз" челленджін жалғастырды.

Мақсаты: қыздардың бұрымды болуына, ұлттық тәрбие негіздері мен салт-дәстүрді білуге, талғамын қалыптастыру, халықтың әдеп пен өнерді дәріптеуге, ұзын шаштарын мақтан етуге үйрету.

[https://www.instagram.com/reel/DAiwU5Lo33\\_/?igsh=MXVkJZWfPnndvaHo4Mg==](https://www.instagram.com/reel/DAiwU5Lo33_/?igsh=MXVkJZWfPnndvaHo4Mg==)

Біртұтас тәрбие жоспары негізінде ар-ұят құндылығын дәріптей отырып, мектеп фракциясылары үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде «Көңілді

қонырау» ойынын 3 сыныптармен бірге өткізді.Мақсаты:2 санының көбейту кестесін,ойнап жүрін жатқа білу.

[https://www.instagram.com/reel/DAATYTmo\\_r7/?igsh=NGs2dTE1dDlibzFu](https://www.instagram.com/reel/DAATYTmo_r7/?igsh=NGs2dTE1dDlibzFu)

Құқық және тәртіп фракциясының қолдауымен оқу жылына жұмыс жоспары бекітілді.

«Оқулықты күтіп ұста» тақырыбын 5-6 сыныптар арасында тәрбие сағаты өтті.Оқушылар өте белсенді қатысып, сынып жетекшісімен бірге оқушылар сурет салды.

«Жан қазынасы адамгершілік негізі» Мәдениет және өнер фракциясы 7-8 сыныптар бірге жұмыс жасады. «Өрт қауіпсіздігі» тақырыбында 3 сыныптар арасында сынып сағаттары өтті.Оқушылар сабаққа өте белсене қатысты. Біртұтас тәрбие бағдарламасы жоспары негізінде іс-шара өткізілді Дөңгелек үстел барысында нашақорлықтың адам өміріне тигізер залалы жайында түсіндірді жәнеде оқушылар нашақордың таралу жолдары туралы талқылады.

Спорт фракциясы 'Біздің ғасырымыздың басты дерті-нашақорлық 'тақырыбында баяндама оқыды.

«Еркіншілік ауылының ЖОББМ»КММ-де 9 , 10, 11, сыныптар арасында отырыс өтті. Қарастырылған мәселелер:Дублер күнін өткізу ережесі.

<https://www.instagram.com/reel/DA5HJM2ov8e/?igsh=MXZ5MWtjb282aHRodQ==>  
Қазан айында «Ұстазым –мың тағзым» тақырыбында 11 сынып оқушылары барлық ұстаздарға арнап, видеоролик жасап,құттықталарын жеткізді.Кезекші сыныптар арасында сынып сағаттары өтті.

<https://www.instagram.com/p/DA5IIAtoLID/?igsh=MXJ1Mm45ZWxuYXEzMA==>

«Біртұтас тәрбие» жоспары негізінде Ұлттық мүдде бағыты бойынша «Еркіншілік ауылының ЖОББМ» КММ-нің «Өзін-өзі басқару»ұйымының мүшесі Тырнахан Ақтоты «Дублёр» күнінде 0-сынып оқушыларымен бір күнін өткізді.

<https://www.instagram.com/reel/DAtPzb9IZSA/?igsh=dGx6ODBja28хамxm>

«Біртұтас тәрбие» жоспары негізінде Ұлттық мүдде бағыты бойынша «Еркіншілік ауылының ЖОББМ»КММ-нің 6-сынып оқушылары «Даналық ұстаздан» атты челленджіне «Ұстазым» әнін орындады.

<https://www.instagram.com/reel/DAqF2WboTK9/?igsh=bTQwcHZ0ZmFjN3Bj>

«Біртұтас тәрбие»жоспары негізінде Ұлттық мүдде бағыты бойынша «Еркіншілік ауылының ЖОББМ» КММ-нің 6 сынып оқушылары «Жастар» күйін,үлкен үзілісте орындады

<https://www.instagram.com/reel/DB0aEj-lapo/?igsh=MW45aW9jdHRpcG1jeQ==>

«Біртұтас тәрбие» жоспары негізінде Ұлттық мүдде бағыты бойынша «Еркіншілік ауылының ЖОББМ» КММ-нің «Өзін-өзі басқару» ұйымының мүшелері мен 9 сынып оқушылары 1 қазан «Халықаралық карттар күні» мерекесімен барша Қазақстандықтарды құттықтады.

<https://www.instagram.com/reel/DAIPzwwovtB/?igsh=OTFoZGJidzNvN3oz>

«Біртұтас тәрбие» жоспары негізінде, Ұлттық мүдде бағыты бойынша «Еркіншілік ауылының ЖОББМ» КММ-нің «Өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері 5 қазан Ұстаздар күніне орай барша Қазақстандықтарды төл мерекесімен құттықтады.

<https://www.instagram.com/reel/DAqH7Hnou5w/?igsh=ZWF4Z3VxcDZnbG5r>

Біртұтас тәрбие бағдарламасының Ұлттық мүдде құндылықты басшылыққа ала отырып, «Еркіншілік ауылының ЖОББМ» КММ-де 6 «А» сынып оқушыларымен «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында танымдық сағат болды. Мақсаты: сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарды негізге ала отырып, құқықтық мағлұмат беру, білімдерін қалыптастыру, өз еліне адал қызмет етуге, Ата заңды құрметтеуге, адамгершілікке, қайырымдылыққа тәрбиелеу.

6 – «Б» сынып оқушылары «Әншуақ» балалар фестиваліне қатысып «Мектебім» әнін орындады.

<https://vm.tiktok.com/ZMhxFg4Y3/>

"Еркіншілік ауылының ЖОББМ" КММ-нің Экология және еңбек фракциясының министрі және 8 сынып оқушылары «Таза бейсенбі» челлендж өткізді.

<https://www.instagram.com/reel/DB0bBCNIF4u/?igsh=NzRqZ21rZ3VkYnNr>

Қазақстан Республикасының «Құтқарушылар күніне» орай «Еркіншілік ауылының ЖОББМ» КММ-нің мектеп парламенттері «Құтқарушыларға мың алғыс» республикалық челленджіне қатысты.

[https://www.instagram.com/reel/DACooMCIKu\\_/?igsh=dGpiaW8wcHRwOHU1](https://www.instagram.com/reel/DACooMCIKu_/?igsh=dGpiaW8wcHRwOHU1)

Біртұтас тәрбие бағдарламасының Ұлттық мүдде құндылықты басшылыққа ала отырып, «Еркіншілік ауылының ЖОББМ» КММ-де 4 «Ә» сынып оқушылары үлкен үзілісте «Атамекен» әнін орындады.

<https://www.instagram.com/reel/DAI4frOoPrM/?igsh=djRjOWpoaTRzNzJ0>

Біртұтас тәрбие бағдарламасының Ұлттық мүдде құндылықты басшылыққа ала отырып, «Еркіншілік ауылының ЖОББМ» КММ-де 4 «Ә» сынып оқушылары үлкен үзілісте «Атамекен» әнін орындады.

2024-2025 оқу жылының қыркүйек айында «Жас Қыран», «Жас Ұлан» ұйымының құрамы бекітіліп, ұйым мүшелері ұйым ережесімен таныстырылды. Ұйым мүшелері төмендегі бағыттар бойынша жұмыстар

атқарды. «Жас Ұлан» құрылымы 7 бағыттан тұрады. Олар: Отан, Зерде, Руханият, Еңбек, Салауат, Эко-әлем, Жеті жарғы осы бағыттарды негізге ала отырып мектеп тәлімгері Умирзакова Салима Сериковна қыркүйек айында «Жас Ұлан» ұйымының мүшелерін жұмыс жоспарларымен, ережелерімен таныстырып өтті. Сынып белсенділерінің тізімі жинақталды. Сынып жетекшілерге «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» ұйымының ережелері мен бағыты туралы түсіндірілді. Сынып жетекшілер оқушыларға, ата-аналарға түсіндіру.

«Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымдарының 2024-2025 жылдардағы

сандық көрсеткіші

«Жас Қыран» -58 бала

«Жас Ұлан»-69 бала. Жалпы бала саны-127 бала. Алғашқы білім күніне орай «Менің Отаным - Қазақстан» атты видеороликтер түсірді. Ұстаздар мерекесіне орай «Жас Қыран», «Жас Ұлан» ұйымы мүшелері ұстаздарға деген видеоқұттықтаулар жолдап мектептің әлеуметтік желілері арқылы «Ұстазыңды құттықта» атты акция

өткізді. <https://www.instagram.com/reel/DAqF2WboTK9/?igsh=bTQwcHZ0ZmFjN3Vj> «Ұстаз – ұлы тұлға» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырып, мерекелік іс-шара өтті, жас ұландық оқушылардың өнерін тамашалады. Сонымен қатар, ұстаздар мекересіне орай өздерін ұстаз рөлінде сынап көрді. Мектеп әкімшілік құрамы болып Жас Ұлан ұйымының бағытының басшылары бекітіліп өздерін мектеп директоры мен орынбасарлары рөлінде сынады. <https://www.instagram.com/reel/DA5HJM2ov8e/?igsh=MXZ5MWtjb282aNRodQ>

«Отбасы күніне орай «Отбасы – махаббат пен адалдық!» тақырыбында 5-7 сыныптар арасында фото көрме өтті. «Денсаулық зор байлық!» атты спорттық ойындар ұйымдастырылып, сыныптар арасында футбол, волейболдан жарыстар өткізіліп, ойын соңында үздік командалар анықталып марапатталды. Дене шынықтыру пәні мұғалімдерімен бірлесе мектеп оқушылардың арасында тоғызқұмалақ, шахматтан жарыс. «Жас ұрпақ салауатты өмір салтын таңдайды» атты челлендж ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/reel/DAGq6C9oyot/?igsh=bWFxMWlxeXdzczF1>

Қазан айында «Күз берекесінен сүйікті қалама» атты Күздік өнімдерден макет-көрме өтті. «Жас Ұлан» ұйымының мүшелері белсене қатысты.

«Күзгі асар» тақырыбында күзгі жәрмеңге ұйымдастырылды. Жоғарғы сыныптар белсенділік танытып, өз қол өнерлерін көрсетті. Әр түрлі көкөніс, жеміс-жидектер, мүсіндер, сонымен қатар қолдан жалған әр түрлі тәтті тағамдар әкелді. 1-4 сыныптар арасында сынып сағаты өтті.

<https://www.instagram.com/reel/DB0YzQUI-J8/?igsh=cDFwa3hwM2xwcmU5>

Біртұтас тәрбие бағдарламасының Ұлттық мүдде бағыты бойынша тәрбие жұмысына сәйкес «Еркіншілік ауылының ЖОББМ» КММ -нің мектеп парламенттері «Өзін-өзі басқару» ұйымымен 6 сынып оқушылары 25- қазан Республика күнімен барша Қазақстандықтарды құттықтады.

<https://www.instagram.com/reel/DB0abL-It3L/?igsh=eDdj3B4ajNwb202>

<https://www.instagram.com/p/DBZEJbpoHZD/?igsh=MW9nYjllbnZrdG51aQ>

ауқымды жұмыстар жүргізілді. Осы жұмыстармен шектеліп қана қалмай, бағдарлама мен жоспарды негізге ала отырып, мектебімізде тәрбие жұмысы әрі қарай жалғасын табады.



«Еркіншілік ауылының ЖОББМ» КММ директоры:

Исатаева Б.Г.